



Аршалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 маусымдағы № А-275 "Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдерді айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 6 қаңтардағы № А-02 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 қаңтарда № 26499 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 06 наурыздағы № А-03/36 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 06.03.2025 № А-03/36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Аршалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аршалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № А-275 "Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдерді айқындау туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5436 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес, жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Аршалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

А.Байманов

Аршалы ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 6 қаңтардағы
№ А-02 қаулысына
қосымша

Аршалы ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 6 маусымдағы
№ А-275 қаулысына
қосымша

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

№ р/т	Өлшемшарттар	Иеліктен айыру түрі

1	Егер мемлекеттің алдағы уақытта мемлекеттік меншік объектісін бақылауда мүдделігі болмаса	Аукцион түріндегі жекешелендіру
2	Сату шартын бекіту арқылы уақыттың қандай да бір кезеңіне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттілігі болса (қызмет түрін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, еңбек ақы бойынша берешекті өтеу және басқа шарттар)	Тікелей атаулы сату
3	Коммуналдық мүлікті сату шарттарын (қызмет бейінін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, жалақы бойынша берешекті өтеу) белгілеу қажеттілігі	Тендер түріндегі жекешелендіру